

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)
ББК 74.58+66.4
М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.
К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:
Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)
ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017

Осыған орай Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың мынадай сөздері әрдайым еске оралады: «*Табысты дамуға қажетті шарт - бейбітшілік, тату көршілік және өзара сенім ахуалын орнықтыру*».

Ата – бабаларымыз аңсаған «Мәңгілік ел» рухын бекемдеу үшін әрбір қазақстандық азамат, елімізді мекендеген әрбір ұлт осы бағытта аянбай еңбек етіп, ұлттық бірлігіміз асқан байлық екендігін өскелең ұрпақтың санасына сіндіру қажет. Сонда ғана мемлекетіміз ұлттық стратегиямыздағы белгіленген мақсаттарға қол жеткізе отырып, әлемдегі ең қуатты, гүлденген елге айналады.

**Қозықанова Т.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының магистранты
Астана қ., Қазақстан**
(Ғылыми жетекшісі: с.ғ.д., профессор Қалиев Н.К.)

БЕС ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ РӨЛІ

Бүгінгі жаһандық жағдай Қазақстанға сырттан төнген небір қауіптердің әлі де қатайып тұрғанын, алдын алу шараларына бекем ден қоюдың қажеттілігін айғақтайды. Өйткені, қазіргі экономикалық дағдарыстан елдер титықтап, геосаяси мәселелердің салдарынан мемлекеттерде дегбір кете бастады. Бұл ретте 2015 жылдың 26 сәуірінде өткен кезектен тыс Президенттік сайлауға қатысу барысында Елбасы Қазақстанның мемлекеттілігіне төнуі мүмкін жаһандық қыр көрсетулерге стандартты емес әрі қуатты жауап берілуі қажеттігін мәлімдеп, Қазақстан халқына Бес институционалық реформа мен оны жүзеге асыратын "100 нақты қадам" бағдарламасын ұсынған болатын. Қазақстан Республкасы Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған "Бес институционалық реформа" мен оны жүзеге асыратын "100 нақты қадам" қазақстандықтар жүзеге асыратын Ұлт жоспары болып табылады[1].

Бірінші институционалды реформа - *кәсіби мемлекеттік аппарат құру*. Алғашқы 15 қадам кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақы төлеуінің жүйесін және сыбайлас жемқорлықпен күресуді жаңғыртуды жобалайды. Соған орай, бірнеше заң қабылданып, мемлекеттік қызмет жұмысы туралы агенттілікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құрастырылып, қызмет етіп жатқан мемлекеттік қызметкерлердің кешендік аттестациясы өткізілді. Бұл саладағы өзгерістер мемлекеттік қызметке шетелдік менеджерлерді, жеке

сектордан мамандарды және Қазақстан азаматтарын – халықаралық ұйымдар қызметкерлерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Екінші институционалды реформа - *заңның үстемдігін қамтамасыз ету*. 16-дан 34-ке дейінгі қадамдар аталмыш реформаны іске асыру жолдарын негіздейді. Негізгі мәні тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындауға және құқық тәртібін нығайтуға бағытталуы тиістігінде. Маман талаптары және сот қызметіне кандидаттарды іріктеу механизмі күшейтіліп, ант бергендер сотының қолдану аймағын кеңейтіліп, Астанада халықаралық AIFC арбитраждық орталық жасалынады. Бұл айтқандарды жүзеге асыру құқық меншігін кепіл етеді және кәсіпкерлік қызмет пен шартты міндеттемелерді қорғауға жағдайлар жасайды.

Үшінші институционалды реформа - *индустрияландыру және экономикалық өсім*. 35-тен 84-е дейінгі нақты қадамдарда реформаның нәтижесіне жету жолдары айқындалған. Ең өзекті мәселелері Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторында стратегиялық инвесторларды белсенді тарту жоспарланады және бірнеше өзгерулерді жүзеге асыру, ауыл шаруашылығына бағытталған жерлердің нарықтық айналымын енгізуден олардың негізгі қызметін ауыстыру үрдісін жеңілдетуге дейін өзгертулер жоспарлануда. Сонымен қоса кедендік және салық жүйелері біріктіріледі, бұл тауарларды тасымалдаудан бастап жүзеге асыруға дейін импорттаушыларға салық салудың үздіксіз болуы үшін жасалынады. Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіне аз дегенде 10 трансұлттық корпорацияларды тарту көзделген, сонымен қоса бизнес-омбудсмен институты нығайтылып, көші-қондық режим күшейтіледі, бұл шетелден мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

Төртінші институционалды реформа - *біртектілік пен бірлік*. 85-тен 90-ы қадамды қамтыған реформа ұлттық бірегейлікті қалыптастыру идеясын көздейді. Бұл реформа Қазақстанның бірегейлігін нығайтуға бағытталған, оның қозғаушы күші орта тап болуы тиіс. Осыған орай бірнеше бағдарламалар орындалады: «Мәңгілік ел» патриоттық актісі, «Үлкен ел – үлкен отбасы» АНК жобасы және т.б.

Бесінші институционалды реформа - *есеп беретін мемлекетті қалыптастыру*. Соңғы 10 қадам осы реформаны іске асыруға бағытталған. Мемлекеттік органдар жетекшілері өздерінің жетістіктері туралы жыл сайын есеп беріп отыратын болады. Сонымен қоса барлық бюджетті және шоғырландырушы қаржылық есеп беру туралы мәліметтер, сыртқы қаржылық аудит нәтижелері, мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалау нәтижесі, мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау нәтижелері, республикалық және жергілікті бюджетті орындау туралы есеп берулер жалпыға ортақ болады.

Институционалды реформаларды жүзеге асыру барысында Парламенттің рөлі екерше арта түсті. Сонымен, 2015 жылғы Парламенттің

негізгі заңнамалық қызметі «бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыруға бағытталған заңдарды қарастыру мен қабылдау болды. Соған орай, қыркүйек пен қараша айларында Парламент бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында 69 заңды қабылдады[2].

Солардың ішінде:

Конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы конституциялық заңдар - **2**

Дербес заңдар - **5**

Қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар - **20**

Халықаралық шарттарды және келісімдерді ратификациялау туралы заңдар - **42**

Депутаттар бастамашылық жасаған және Парламент қабылдаған заңдар - **5**

Шұғыл деп жарияланған заңдар -

2015 жылдың басында Сенат қарауында жатқан заң жобалары – **6**


Жалпы 2015 жылы Қазақстан Республикасының Парламенті 167 заң қабылдады(1-кесте) [3].

1-кесте

2015 жылдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығарушылық қызметі

Жыл	Кодекстер	Дербес заңдар	Өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Халықаралық шарттарды ратификациялау	Барлығы
2015	3	25	71	68	167

1-диаграмма. – 2015 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдаған заңдар



Сонымен қатар, Сенат Аппаратының кадр жұмысында шамалы өзгерістер болды. Атап айтқанда, Сенат Аппараты Басшысының Өкімімен Бөлім меңгерушілерінің лауазымдық нұсқаулықтары (А корпусы) және Сенат Аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер бекітілді.

Сенат Аппаратының «А» корпусындағы мемлекеттік қызметшілерімен бағаланатын жылдағы жұмыстың басым бағыттары жөніндегі келісім жасалды. «А» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесіне сәйкес, олардың қызметі Келісім жасалғаннан 1 жылдан кейін бағаланатын болады.

Сенат Аппараты Басшысының Өкімімен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі бекітілді. Алғаш рет ү.ж. сәуір айында «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау жөніндегі комиссияның отырысы өткізілді. Комиссияның қорытындысына сәйкес, 83 қызметші «тиімді» (91,2 %) деген баға, 8 қызметші «қанағаттанарлық» деген баға (8,8%) алды.

Бүгінгі таңда Сенат Аппаратының құрамында 14 құрылымдық бөлімше бар. Штат саны 154 лауазымдық бірлікті құрайды, олардың ішінде 4 бірлік – саяси мемлекеттік қызметшілер[4].

Саяси ғылымдар докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Нәубат Қалиұлы «бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыруға байланысты зерттеулерінде [5] келесі ұсыныстарды атап көрсетті:

✓ “Мемлекеттік қызмет туралы” Заң негізінде «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін аттестациялаудың міндеті, сол салада тұрған соны, жаңа, ондағы шешілмеген күрделі міндеттерді, проблемаларды, оның даму перспективаларын, кадрлар қалай біледі, оның қандай жолдарымен таныс, оны шешу жөнінде қандай ұсыныс, пікірлері бар деген сұрақтарға жауап беру;

✓ Жас мамандар біліктілікті көтеруде бірден шетелге емес, ең алдымен Қазақстанда өтіп, елдегі заңнамалық-ұйымдық, басқарушылық тәжірибені толық игеріп, қабылдағаннан кейін, келесі кезекте ғана шетелге жіберілуі;

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, ұсынысым келесідей:

➤ «Қазақстан-2050» бағдарының стратегиялық негізгі тірегі жастардың әлеуметтік проблемалары болғандықтан, ауылды жерлердегі жастарға кәсіптік білімді тегін беру;

➤ Алғашқы жұмыс орнымен қамтамасыз ету: көптеген мекемелер ЖОО бітірген түлектердің тәжірибелерінің болғанын талап етеді. Соған орай, магситратураны тәжірибе ретінде есептеу;

Тұтастай алғанда Елбасы ұсынған бес институционалдық реформа ел бірлігін бекемдеп, тұрақтылықты нығыздай түспек. Сондай-ақ, Қазақстанның

30 дамыған елдер қатарына кіру жолының қайнар көзі, әрі қоғамның дамуын, мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының реттеушісі болмақ. Жоғарыда аталып өткендей, ҚР Парламенті өте маңызды заңдар қабылдады. Бұл өз кезегінде Ұлт жоспарының қарқынды орындалып жатқанының айқын көрсеткіші. Елбасы айтқандай жетістікке желігіп, тоқмейілсіп тоқтап қалуға болмайды. Сол себепті, Ұлт жоспарында белгіленген ауқымды міндеттерді талапқа сай іске асырамыз деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалимов Т., Ұлт жоспарын іске асыруға мол мүмкіндік бар: 100 нақты кадам/ Айқын. – 2016. № 52.- 8 сәуір. – 3 б.
2. Қазақстан- 2050 стратегиясы: 1 том.- Астана. «Деловой мир Астана» ЖШС, 2013.-458 бет.
3. Қазақстан- 2050 стратегиясы: 2 том.- Астана. «Деловой мир Астана» ЖШС, 2013.-458 бет.
4. <http://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevtyn-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy>
5. Қалиев Нәубат Қалиұлы, «Жаңа мемлекеттік аппарат қалыптастыру», Егемен Қазақстан № 134 (28862) 15 шілде 2016 жыл

**Магистрант 1 курса
специальности «Политология»
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Майлыбаева Д.А.
г. Астана, Казахстан
(Научный руководитель: доктор PhD, доцент Рыстина И.С.)**

РАЗВИТИЕ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ В ГОДЫ СТАНОВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

Сегодня, молодежная политика Республики Казахстан базируется на основополагающих принципах построения социального правового государства, закрепленных в ряде европейских международных документов и отраженных в конституционных правовых системах. Задачами государственной молодежной политики в Республике Казахстан являются: защита прав и законных интересов молодежи; предоставление помощи и социальных услуг молодежи; реализация социально значимых инициатив молодежи [1].

Основными направлениями государственной молодежной политики в Республике Казахстан определены следующие: